

Кімге: Қазақстан Республикасының Үкіметіне
Автордың аты-жөні және лауазымы: Жұмаділов Қуаныш Бақытжанұлы, Мақаншы аудандық мәслихат аппаратының ұйымдастыру-кадр бөлімінің басшысы
Күні: 24.01.2025 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы жеңіл өнеркәсіпті дамыту шараларына ұсыныс.

Кілт сөздер: киім, қаржы, нарық, импорт алмастыру, мемлекеттік қолдау.

Кіріспе

Жеңіл өнеркәсіптің мақсаты - тұрғындарды әдемі, әр алуан, ең [1] бастысы тиімді - жоғары сапалы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз ету. Қазақстан жеңіл өнеркәсіпті дамытуға жақсы шикізат базалары бар мемлекеттер қатарына кіреді. Олар: мақта, жүн, табиғи былғары. Дегенмен, бүгінгі күні бұл сала экономикадағы ең бір «шешімін таппаған» сала болып есептеледі. Халықтың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан келгенде тұрғындардың әлеуметтік әлеуетін көтеру үшін бірінші кезекте азық-түлік өнімдерімен, одан кейін жеңіл өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз ету Үкімет назарында болуға тиіс.

Негізгі бөлім

Қазір жеңіл өнеркәсіп саласының нарықтық бәсекелестікке қабілеттілігін таныта алмай отырған жайы бар. Осыдан отыз жылдан аса уақыт бұрын нарықтық экономикаға көшу кезеңінде, яғни тоқсаныншы жылдары тоқырауға түсіп, өндіріс көлемі мен жұмысшылар саны ондаған есе қысқарған еді. Сол кездері әлемдік сауда сөрелерінен көрінген танымал өнімдердің орны арзан шетелдік тауарлармен толыққаны бар. Нәтижесінде, мақта өндірісі – 1,5 есе, мата – 4 есе, былғары – 6 есе, аяқкиім өндірісі 34 есе қысқарған болатын.

Соңғы жылдары ел нарығында экспортқа бағытталған жаңа брендтер мен компаниялар ашылып, қордаланып қалған жеңіл өнеркәсіп жандана бастады. Елімізде жеңіл өнеркәсіп бағытында жұмыс жасайтын 1400-ден аса кәсіпорындар бар. Ол кәсіпорындарда 30000-ға жуық отандастарымыз еңбек етуде. Бүгінде сала кәсіпкерлері өзекті мәселеге айналған ұлттық брендті жетілдіру ісі Үкімет пен ұлттық компаниялардың мүддесіне айналуын қалайды. Тауар өндірушілер кейбір шеттен келетін заттарға қарағанда отандық өнімдердің сапалы екендігін айтады.

Жергілікті тұрғындардың, әсіресе нәзік жандылар арасындағы жұмыссыздықты жоюдың бірден-бір тиімді жолы – жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту болмақ. Бүгінде бұл сала өніміне сұраныс та жоғары.

Яки, азық-түлік тауарларынан кейінгі екінші орында. Сондықтан, елдің экономикалық даму стратегиясында бірінші кезекте жеңіл өнеркәсіп саласын дамытуға айрықша басымдық берсе құба-құп болар еді. Ал, осы саланы дамытуға әлемнің біршама елі әлдеқашан түбегейлі бетбұрыс жасаған.

Мәселен, жеңіл өнеркәсіптің үлесі АҚШ, Италия, Германия, Қытай, [2] Португалия, Түркия сияқты дамыған елдерде 12-20 пайызды құраса, Қытай, Үндістан, Түркия, тіпті іргедегі Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерінің табысы жеңіл өнеркәсіп тауарының экспортынан түсуде. Кейінгі уақытта қырғыз елінің ішкі өніміндегі жеңіл өнеркәсіп үлесі 30 пайыздан асқан. Ал, бүгінде Қазақстандағы қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы жеңіл өнеркәсіптің үлесі небәрі 1-2 пайызды құрайды. Елдің өткенін таразыласақ, кешегі кеңес дәуірінде Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі жарты әлемді аузына қаратқаны ақиқат. Сол уақытта Қазақ КСР жеңіл өнеркәсібінің тоқыма, тігін, аяқ киім, тері-ұлпан өнеркәсібі салаларында бір мыңнан астам іргелі кәсіпорындар жұмыс істеген. Олардың ішінде, еңбек ұжымына айналған – Алматы мақта-мата комбинатын, «Жетісу», Жамбыл аяқ киім кәсіпорындарын, «Большевичка» тігін комбинатын, М.Мәметова атындағы тігін фабрикасын, Қостанай, Семей мауыты-шұға комбинатын ерекше атауға болады. Сондай-ақ, сол жылдары Қазақ КСР жеңіл өнеркәсібінің табысы ел бюджетінің 25 пайызын қамтамасыз еткені баршаға мәлім.

Бізде мақта, жүн-жұрқа, тері-терсек секілді шикізаттық мол қор бар. Алайда, олар бола тұра осы шикізаттан жасалған тауарлардың барлығын дерлік шетелден импорттаймыз. Кей елдің арзанқол дүниесін місе тұтамыз. Шикізаттың жақындығы өндірілген өнімді өткізу нарығының болуы, өндірістік шығындардың төмендігі жеңіл өнеркәсіптің дамуына алғышарттардың барын көрсетеді. Ал, кейбір көрші елдердің мақтаға мұқтаждығы бар екенін бірі – білсе, бірі – білмейді. Қазақстандық мақтаның 80-90 пайызы экспортқа төмен бағамен сатылып, содан жасалған мақта-мата тауары қымбат бағамен әкелінеді мыс. Тоқыма және тігін өнеркәсібі машина жасау, химия өнеркәсібі секілді алдыңғы қатарлы әлемдік өнеркәсіп салаларының қатарына кіреді. Кейбір мамандар бұл саланың ел экономикасында үлес салмағы шамалы, сондықтан Қытай, Қырғызстан елдерімен бәсекелесудің оңай емесін алға тартады. Олардың киім-кешегінің сапасы айтарлықтай жоғары болмағанымен, әйтеуір бағасы қолжетімді.

Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің соңғы ширек ғасырдағы тіршілігін сараласақ, өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі 1990 жылы 15,8 пайызды құраса, 2000 жылы ол 2,3 пайызға дейін қысқарып, 2011 жылы 0,1 пайызға құлдыраған. Қазақстан жеңіл өнеркәсіп саласында тек 2016 жылы ғана жұмыс істеп тұрған 79 кәсіпорынның 27 пайызы жұмысын тоқтатқан екен. Жыл ішінде еліміздің тоқыма өнеркәсібіндегі 12 кәсіпорын, киім тігу өнеркәсібіндегі 8 кәсіпорын, тері бұйымдарын шығаратын 1 кәсіпорын жабылған. Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің

осыншама тұралауының себебі неде? Мамандар мен сарапшылардың бірауыздық пікірі бойынша елдің жеңіл өнеркәсібі саласын тұншықтырып отырған – импорт, яғни отандық нарықтың шетелдік тауарларға тәуелділігі. Арнайы жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша еліміздегі жеңіл өнеркәсіп тауарларына деген жыл сайынғы сұраныс 5-6 миллиард АҚШ доллары көлемінде болады екен. Осы тауарлардың 97 пайызы импорт есебінен жабылады мыс.

2016 жылы Қазақстан бойынша тұтынылған сыртқы киімнің 97 пайызы, аяқ киімнің 96 пайызы, мақта-мата бұйымдарының 60 пайызы шетелден әкелінген. 2017 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша елге 144,3 миллион долларды құрайтын импорттық киім-кешек кірген болса, оның 80 пайызы Қытай, Түркия, Бангладеш, Италия және Өзбекстан елдерінен жеткізілген тауарлар. Мәселен, осы мерзімде Қытайдан әкелінген киім-кешек өткен жылға сәйкес мерзімімен салыстырғанда 9 пайызға, ал Бангладештен жеткізілген тауарлар 45 пайызға өсіп, 22 миллион долларды құраған. Халық тұтынатын бір ғана қолғаптың 93 пайызы, шұлық өнімінің 73 пайызы Қытайдан жеткізіледі.

Бүгінгі күнде елімізде саланы қолдау шаралары да аз емес. Жеңіл [3] өнеркәсіпте 2024 жылғы 1 сәуірдегі жай-күйі бойынша 1400 кәсіпорын жұмыс істеуде, онда 58% (818) кәсіпорынның негізгі үлесін тігін кәсіпорындары, 33% (463) тоқыма бұйымдарын өндіретін кәсіпорындар, 9% (119) былғары және оған жататын өнімдер өндіретін кәсіпорындар алады. Саланың 97% (немесе 1 362) шағын кәсіпорындар құрайды.

Жалпы алғанда, саланың біздің еліміздің экономикасына әсері экономиканың басқа салаларына қарағанда аз. Өңдеу өнеркәсібінде жеңіл өнеркәсіптің үлес салмағы 2023 жылдың қорытындысы бойынша – 0,97% құрады.

2024 жылдың қантар-наурыздағы жеңіл өнеркәсіп өндірісінің көлемі 52,7 млрд теңгені құрады.

Тоқыма саласын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында Мақта-тоқыма кластерін құру жөніндегі жол картасы бекітілген *(2020 жылғы 24 ақпандағы № 38-ө ҚР Премьер-Министрінің Өкімі)*.

Саланы дамыту мақсатында Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған жол картасы бекітілді, оған жеңіл өнеркәсіптің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру, шикізат базасын дамыту және шикізатты қайта өңдеу, мемлекеттік қолдау шаралары, саланы кадрлармен қамтамасыз ету, жеңіл өнеркәсіп тауарларын таңбалау және қадағалау, отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндірушілердің қуаттылығын арттыру, инвестициялар тарту, әлемдік тәжірибені енгізу және экспортты дамыту шаралары кіреді.

Жеңіл өнеркәсіп тауарларына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен 2 жыл мерзімге алып тастау белгіленді *(2024 жылғы 19 ақпандағы № 99 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы)*.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы соңғы қарыз алушылар үшін жылдық 3%-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесі бойынша жеңіл өнеркәсіп жобаларына қаржыландыру бөлінді.

Саланың дамуын қосымша ынталандыру үшін Арнайы экономикалық аймақтар қызметінің басым түрлерінің тізбесіне жеңіл өнеркәсіп салалары енгізілді.

Қорытынды

Жеңіл өнеркәсіптің еліміздің экономикасында алар орны ерекше екені жыл сайын артып келе жатқан сұраныс пен ақша-тауар айналымының мөлшерінен ақ түсінікті болатыны сөзсіз. Бүгінгі күні жеңіл өнеркәсіп саласындағы ішкі нарықты қамтамасыз етпеуіміз еліміздің қаржысын шет елдерге ұстатумен тең деп есептеймін. Біздің елімізде бұл мәселені шешу мақсатында көптеген жүйелік шаралар қабылданып жатқандығын, атап айтқанда төмен бағада несиелендіру, мемлекеттік сатылым заңнамасындағы отандық өнімге қолджау көрсететін шаралар әрине саланың дамуына оң ықпал екендігі анық. Алайда менің ұсынар шарам осыдан бір ғасыр бұрын қазыргі Түрік елінің атасы аталып кеткен Мұстафа Кемаль Ататүріктің мысалы болғалы тұр. Түрік елінің тарихында өшпес із қалдырған бұл тұлға өз елінің жеңіл өнеркәсібінің бүгінгі дамуына аса зор үлес қосып, іргетасын қалап кетті деп айтсақ та болады. Ол кісінің қолданған тәсілі елдегі барлық мемлекеттік қызметкерлерге отандық өнімдерді қолдануды міндеттеген екен. Әрине ішкі қақтығыстарды бастан өткерген, экономикасы тұралаған түрік елінің өнімдері сол кездегі сырттан келетін өнімдерден баға саясатында бәсекелестікке түсе алмайтындығы анық болатын. Алайда бұл мәселенің шешімі ретінде «Ататүрік» мемлекеттік қызметкерлердің нарықтағыдан қымбат отандық өнімге жұмсаған артық қаржысын ел қазынасы есебінен өтеп отырған екен. Бұл шаралар өз кезегінде отандық өнімге сұранысты арттырып, өндірушілер саны артқан. Осылайша түрік өндірушілері сырттан болған бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігін иеленген екен. Нәтижесі бүгінгі күнгі түрік тауарларының сыртқы нарықта орын алуы көрініп отыр. Осы шараларды бізге де қолданып көретін болсақ отандық өндірушілерге сұранысты арттырып, жеңіл өнеркәсіптің дамуына көмек болар еді. Сұраныс ұсынысты туындатаны анық. Ілесінше өңдеу өнеркәсібіне де сұраныстар пайда болып, даламызда босқа қор болып жатқан жүн өнімдері, тері өнімдері де өз өңдеушілерін табарма еді?!

Ұсынымдар

✓ Барлық мемлекеттік қызметкерлердің күнделікті жұмыс киімдері толықтай отандық өнімдер болуы қызметке тағайындау кезіндегі шектеу ретінде бекітілуі.

✓ Ол өнімдердің шет елдік аналогтардан баға айырмашылықтарын субсидиялау жолымен қызметкерлерге қайтарып отыру.

✓ Алдағы уақытта біртіндеп барлық бюджеттік қызметкерлердің күнделікті жұмыс киімдерін отандық өнім болуын баға айырымын субсидиялауды қолдана отырып міндеттеу.

✓ Мектеп формаларының отандық өнім болуын баға айырымын субсидиялауды қолдана отырып міндеттеу.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. [ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТІ ҚАЙТСЕК ДАМЫТАМЫЗ? » Қармақшы таңы](#) газетінің ресми сайты.

2. EGEMEN QAZAQSTAN газетінің [Жандану жолындағы жеңіл өнеркәсіп](#) мақаласы.

3. Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми сайты